

Жай электрондық қолтаңба арқылы куәландауруға жатпайтын мәмілелер тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі № 531/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 3 қыркүйекте № 35021 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданыста болу мерзімі 01.07.2026 дейін (бұйрықтың 4 т.)

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ережесінің 15-тармағының 129-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қосымшада берілген жай электрондық қолтаңба арқылы куәландауруға жатпайтын мәмілелер тізбесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық және инвестициялар департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін жарамды.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Ж. Мадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Фылым және жоғары
білім министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Корғаныс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасынц
Мәдениет және ақпарат
министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылым
министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция

министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Су ресурстары және
ирригация министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэрофарыш өнеркәсібі
министрі
2024 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 531/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Жай электрондық қолтаңба арқылы куәландыруға жатпайтын мәмілелер тізбесі

1. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жасалатын мәмілелер;

2. Мемлекет иесі болып табылатын ақпараттандыру объектілерін, сондай-ақ мемлекеттік органның ақпараттық жүйесімен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді құру, сүйемелдеу, енгізу шеңберінде жасалатын мәмілелер;
3. Квазимемлекеттік сектор субъектілерімен мәмілелер;
4. Мемлекеттік тапсырмаларды орындаумен байланысты мәмілелер;
5. Мемлекеттік мұлікті тікелей атаулы сатып алу-сату мәмілелер (шарттар);
6. Мемлекеттік мұлік екі кезеңдік рәсімдер арқылы конкурста сатып алу-сату мәмілелер (шарттар);
7. Дәрілік заттардың айналымы, жер қатынастары, қорғаныс кәсіпорындарының қызметі және маңызды инфрақұрылым саласындағы мәмілелер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК